

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 8 сәуірдегі
№ 266 бұйрығына 9-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№115 бұйрығына 183-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптары үшін «Өзін-өзі тану» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

1. Түсіндірме жазба

1. Ұлттық білім беру жүйесін дамытудың басым бағыты адамның ішкі әлеуетін барынша ашуға бағдарланған адамгершілік-рухани білім беру болып табылады.

2. Тұлғаның физикалық, психикалық және рухани дамуында үйлесімге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін адамгершілік-рухани-білім нақты білім беру тәжірибесінде түрлі жолдармен, ең алдымен, «Өзін-өзі тану» пәні арқылы жүзеге асырылады.

3. Өзін-өзі тану оқу пәні ретінде тұлғаның адамгершілік негізін құруға, оның рухани өзін-өзі кемелденуі мен өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасауда түйінді рөл атқаруы тиіс.

4. Өзін-өзі танудың негізгі нысаны – адам болмыстың физикалық, психикалық және рухани қырлары мәнмәтінінде біртұтас процесс ретінде қарастырылады. Адамның өзін-өзі жігерлендіру, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі кемелдендіруінен тұратын осы қырларының біртұтастығы оның үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді. Бұл өзін-өзі танудың пәндік аясын анықтайды, сол сияқты оқу пәнінің танымдық, дамытушылық және тәрбиелік қызметін нақтылайды.

5. Өзін-өзі тану пәндік саласы әрбір оқушының адами кемелденуінің ғұлденуіне, өмірдегі өз мұратын ұғынуына жағдай туғызу арқылы оның өз рухани-адамгершілік табиғаты мен шығармашылық әлеуетін ашуға мақсатты бағытталған білім беру процесін үйімдастыруды көздейді.

6. «Өзін-өзі тану» пәнінің құралдары сондай-ақ, оқушының қоғамға қызмет етуіне бағытталған олардың жасампаз белсенділігін танытуына мүмкіндік беретін кең ауқымды өмірлік маңызды біліктер мен дағдыларды менгеруіне қолдау көрсетуге және ықпал етуге бағдарланады.

7. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу процесінің басты міндеті:

1) әрбір адамның табиғатына қаланған жалпыадамзаттық құндылықтарды айқындау;

2) қоғамға қызмет етуге бағытталған мәселелерді шығармашылықпен шешудің практикалық дағдыларын, тұлғаның құндылықтар жүйесін

қалыптастыру;

3) адамның өзіне, қоршаган әлемге, жалпы адамзатқа қатысы ескерілген окушылардың әлеуметтік мәнді бағдарларын, адамгершілік мінез-құлық негіздерін қалыптастыру.

8. «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру жалпы мақсаттарға қол жеткізу арқылы жүзеге асырылады, яғни:

1) әрбір окушының өз рухани-адамгершілік табиғаты мен өмірлік мұратын ұғынуына ықпал ету;

2) өскең адамның үйлесімді қалыптасуына көмектесу.

9. Бұл келесі міндеттерді шешу арқылы қамтамасыз етіледі:

1) өзіне, адамдарға және қоршаган ақиқатқа құндылықты қатынасын; айналасындағыларға риясыз сүйіспеншілік пен тілекестік қабілеттілік танытуын, оларға қамқорлық жасауды ашып көрсету;

2) өзін-өзі тану, өмірлік мақсаты мен өзінің мұратын түсіну уәждемелерін дамыту;

3) өзіндік қадір-қасиет сезімін, өз-өзіне сенімділік, өз ойына, сөзіне және әрекеттеріне жауапкершілікті дамыту;

4) адамның ішкі және сыртқы әлемінің өзара байланысын, оның табиғатпен тұтастығын, физикалық, психикалық және рухани денсаулығының өзара тәуелділігін түсіну қабілетін; салауатты өмір салтын жүргізуін негізінде өзінің физикалық және психикалық күйін реттеуді дамыту;

5) әлеуметтік ұстанымдар мен рөлдердің көптүрлілігі түрғысынан позитивті ойлау және өз әрекеттері мен мінез-құлқын реттеу мүмкіндіктерін ұғыну қабілетін дамыту;

6) дұрыс өмір сүру үшін білім, білік және дағдыларын қолдану қабілеттерін ашу, әртүрлі өмірлік жағдаяттарды бағалау кезінде өзінің ар-ұжданына жүгіну, жалпыадамзаттық құндылықтарға қайшы келмейтін шешімдер қабылдау;

7) адамгершілік нормаларына сәйкес келетін міндеттерді сындарлы шешу үшін ұжымда қызмет ету, сондай-ақ топта, командада жұмыс істеу біліктерін дамытуда өзіне және басқаларға жәбір көрсетпеу.

10. Бастауыш мектепке арналған өзін-өзі тану бағдарламасы білім берудің құндылықты мәнін күшайте отырып, адамның сүю, өзіне сену, жақсылық жасау, тілекестік таныту, өзіне және басқаларға қамқорлық жасау, позитивті ойлау, адамгершілікті таңдау жасау, дәстүрлерді бағалау және еселеу, жасампаздық, өзіне жауапкершілік алу, ынтымақтасу, кемелдену қабілеттерін ашуды көздейді.

11. Пәннің негізгі базалық мазмұны бастауыш мектеп окушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып төмендегі тарауларда ашылады:

- 1) «Гасырлар даналығы»;
- 2) «Тату отбасы»;
- 3) «Адам болам десеніз»;
- 4) «Қандай ғажап әлем!».

12. Аталған тақырыптар жалпыадамзаттық құндылықтарды айқындау, адамгершілік-рухани қасиеттерді дамытуға және үйлесімді тұлға дамуының

тұстастай процесінің түрлі жақтарын, қоғамдағы адамның рөлін, адам мен табиғаттың, Әлемнің үйлесімі мен бірлігінің мәнін ашуға; басқа адамдармен өзара қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеуге бағытталған.

13. «Ғасырлар даналығы» атты бірінші тарау оқушыларды әлем халықтарының даналығы арқылы «Өзін-өзі тану» пәнімен таныстырады. Мұнда балалардың ертегілер, аңыздар, әңгімелер, адамзаттың рухани мұрасының даналығы арқылы адамгершілік өмірдің негіздерін тани алатын сабактар қарастырылған. Олар мектеп ұжымында татулықта өмір сүру, бір-бірімен тіл табысу, мектептік тәртіпті сақтау, кішілерге көмектесу, үлкендерді сыйлау сияқты мәңгілік құндылықтарды ойға тоқиды. Бұл міндеттерді табысты орындауға балалардың адамгершілік құндылықтарды қызықты танымдық материалдар арқылы қабылдауы ықпал етеді. Осы тараудың бағдарламасында оқушыларды адалдық, әділдік, тәртіп, ұқыптылық, қоғамдық меншік, жақыныңа көмектесу, достық, өзара түсіністік, ынтымақтастық ұғымдарымен таныстыру қарастырылған.

14. Баланың жаңа әлеуметтік рөлі – мектеп оқушысының рөлі – негізінде іс-әрекеттің (оқудың) жаңа түрін ғана меңгерумен байланысты емес, сонымен қатар қарым-қатынастың, қызығушылықтардың, құндылықтардың, бала өмірі әдептерінің барлық жүйесінің өзгеруімен байланысты болады. Бұл жастағы балалар білімді негізінен ойын және шығармашылық іс-әрекеттер арқылы алады. Осыған байланысты оқытудың ойын әдістерін кеңінен қолдану қажет, саналуан шығармашылық әрекет түрлерін, жағдаяттарды ойлану тапсырмаларын ұсыну керек. Мұның барлығы бастауыш сынып оқушыларын оқытудың коммуникативтік-қызметтік тәсілін қамтамасыз етеді.

15. Алған білім балаларға біріне бірі қамқорлық және жанашырлық көрсетудің қажеттігін түсінуге мүмкіндік береді. Игерілген дағдылар мектеп өмірі процесінде балаларды жақсылыққа, мұқияттылыққа, кеңпейілділікке, ынтымақтастық дағдыларын тәрбиелеуге ықпал етеді. Осы тараудағы сабактардың маңыздылығы – мектеп өміріндегі тұрақты тілекестік қарым-қатынастың келешекте ересек адамның тұлғалық жағымды қасиеттерінің орнығына игі әсер ету болып табылады.

16. Бағдарламаның «Тату отбасы» атты екінші тарауында: коммуникативтік біліктер мен дағдылар отбасында ғана емес, сонымен қатар сыныпта да, мектепте де дамуына (тындау, түсіну білігі, өзін және өзгелерді бағалай білу, бірге мазасыздану, көмектесу, өзара әрекеттесу); құрдастарымен тең құқылы, қайырымды қарым-қатынас орнату білігіне; өзін жағымды күйге келтіру білігіне; өз сезімін білдіруге және басқалардың сезімін тани білуғе; тұлғааралық жанжалдарды шешу біліктерін игеруге; әлеуметтік белсенділікті дамытуға негізгі назар аударылады. Осы тараудың бағдарламасында оқушыларды сүйіспеншілік, жақсылық, қарым-қатынас мәдениеті, әдептілік, адамның көніл-күйі, достық, достар, адамшылық, қайырымдылық, құрмет ұғымдарымен таныстыру қарастырылады.

17. «Тату отбасы» тарауының сабактары отбасында және мектеп ұжымында тілекестік ахуалды ұйымдастырудың жағымды аспектілерін ашуға, айналасындағыларды және бірін-бірі сыйлауға, ешкімді ренжітпейтін және

назардан тыс қалдырмайтын эмоциялық жылылық пен өзара түсіністікке бағдарланған. Оқушыларды басқалардың тәртібін реттеудің әдепті тәсілдерін табуға, балалардың кешіре білу білігін дамытуға, шыдамдылық, мейірімділік, бекзаттық, төзімділік танытуға сабырлылықпен үйрету қажет.

18. Баланың оқу процесінде адамдар арасындағы қарым-қатынастың этикалық нормаларын менгеруі маңызды. Ол үшін баланың қарым-қатынас дағдыларын, ынтымақтастық пен ұжымшылдық рухын дамыту, басқалардың сезімін түсіне білуге, топта қарым-қатынас жасауға және өзара әрекеттесуге, басқа балалармен достасуға, олармен жетістіктері мен сәтсіздіктерін бөлісуге, өз мінез-құлқын бақылауға, оны саналы басқаруға, әр түрлі өмірлік жағдаяттарда батыл және өзіне сенімді болуға үйрету керек.

19. Балаларды жаттығулар, ойындар, шығармашылық, эксперимент, әрекеттің түрлі практикалық формаларына тарту өскелен адамды тәрбиелілік нормаларына баулуға, өзіне, айналасындағыларға, құрдастарына және ересек адамдарға эмоциялық-мотивациялық қатынас орнатуды қалыптастыруға, отбасында, қоғамда және тұлғалық дамуда дұрыс мінез-құлық үшін қажет коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды, қарым-қатынас білігі мен тәжірибесін дамытуға ықпал етуі тиіс.

20. Осы тараудың сабактарынан алған сыпайы қарым-қатынас жасау тәсілдері, құралдары мен әдістері туралы білім балаларға адами өзара қарым-қатынас өнері туралы түсініктер береді, олардың жақын адамдарға, сыныптастарына, таныстарына мейірімді және шынайы сезімдерін тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады деп болжанады. Бұл балаларды пікірлесінің эмоционалдық күйін түсінуге, өз ойлары мен сезімін дұрыс жеткізе білуге, жақсы қарым-қатынасты бағалауға және айналасындағы адамдармен қарым-қатынастан ләzzat алуға, оларға қамқорлық жасауға және қолдан келерлік көмек көрсетуге үйретеді.

21. «Адам болам десеніз» атты үшінші тарау балалардың жас жағынан дамуының психологиялық ерекшеліктерін: мінез-құлықтың өспелілігін ұғынушылықты, әсершілдікті, сезімнің қарқынды дамуын, жалпы эмоциялық күйін (ақжарқын, сергек), ерік-жігерлік қасиеттерінің дамуын ескере отырып әзірленген. Тарау балалардың адамгершіліктік құндылықтың бағдарларды қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал ететін материалдардан тұрады. Осылайша, оқушылар дербестік және жауапкершілік, еңбексүйгіштік, бауырмалдық, әділдік, ұят, ар, батылдық және тағы басқа адамгершілік түсініктерімен танысады. Мейірімділік, достастық, табандылық, мақсатқа ұмтылушылық, батылдық, өзін-өзі құрметтеу, ар-намыс, жанашырлық білігін, басқа адамдарға, жан-жануарларға, табигатқа мұқияттылықпен қарауды, қоғамдық меншікті сақтауды дамытуға ықпал ететін баланың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге ерекше назар аударылады.

22. Бағдарлама мазмұнында өзін-өзі тану, өз әрекеттерін салыстыра алу, талдай білу, олардың этикалық мазмұнын көре білу және бағалай алу біліктерін дамыту қарастырылған.

23. Оқытуудың мазмұны мен әдістері балалардың эмоционалдық ықыластырығын дамытуға, өзін-өзі құрметтеуге тәрбиелеу үшін жағдай

О.Н.Бағдай

жасауга, өз қадір-қасиетін сезінуге, әмпатия сезімін көрсетуге бағытталған. Білімдік процесс баланың өз ұстанымы, оның өмірлік тәжірибесі түргысында құрылуы тиіс, сондыктан білім беру және тәрбие процесінде окушыларға берілетін ақпаратты бала қабылдап қана қоймай, эмоциялы түрде бастан өткеруі тиіс. Өмірлік жағдаяттарды шешудің адамгершілік тәсілдеріне үйрететін қолда бар тәжірибелі қолдану қажет.

24. Тарауды оқытуда жетекші әдіс ретінде этикалық әңгімені қолдану тиімді. Адамгершілікті көрсету фактілерін талқылау процесінде мұғалім балалардың жағымды эмоцияларын оятуы, өзіндік қадір-қасиетті сезінуін дамытуы қажет. Этикалық әңгімелердің мазмұны балалардың әртүрлі әрекеттерімен байланысты, яғни, олар қоғамдық құбылыстарды бағдарлай алатындей, өз тәртібін сезінетіндей, өз әрекеттерінің адамгершілік нәтижелерін көре алатындей болуы тиіс. Адамгершілік тәрбиенің ұтымды тәсілдері мен құралдары арнайы құрастырылған танымдық тапсырмалар болып табылады. Оларды шешу барысында бастауыш сынып окушылары әрекеттерді қарастыру, жағдаяттарды талдау, оларға өзінің жеке қатынасын білдіру кезінде өздеріне таныс адамгершілік ұғымдарды қолданады. Сабакта ойлануға және қиялды дамытуға уақыт бөлу қажет – бұл тыныштық және өзің туралы ойға бату сәті. Осындағы жұмыстың нәтижесінде балалар әділеттілікпен әрекет етуге, өз тілегін ортақ іске бағындыруға, өздігімен әрекет етуге және қойылған міндеттердің шешімін табуға үйренеді.

25. Адамгершілік құндылықтар туралы түсініктер бастауыш сынып окушыларына жағымды міnez-құлықтың ішкі түрткілерін қалыптастыру, өз бойында жақсы үлгілерге еліктеу ниетін дамыту мүмкіндігін береді. Білім мен тәрбиенің қаланған негіздері балаға өз әрекеттері үшін жауапкершілік сезімін, өзіне қатысты талап қоюшылықты, өзін-өзі дұрыс бағалауды қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл баланың тұлғалық негізгі сипаттарын дамытуға көмектеседі.

26. «Қандай ғажап бұл әлем!» атты төртінші тараудың мазмұны бастауыш сынып окушыларының қоршаған әлеммен адамгершілік қатынас тәжірибесін қалыптастыруға бағдарланған. Табиғатқа қамқорлық қатынасты тәрбиелеу және балалардың денсаулығын нығайту мақсатында экологиялық шығармашылық іс-әрекеттер ұйымдастыру қажет. Сабактың мазмұндық толықтығы бастауыш сынып окушыларын еліктіретін танымдық, сюжеттік-рөлдік ойындар, мерекелер, табиғи материалдарды қолдана отырып жүргізіліген практикалық жұмыстар, экскурсиялар, осы жастағы балалардың шамасы келетін табиғатты қорғау іс-әрекет шараларын қолдануды қамтамасыз етеді.

27. «Қандай ғажап бұл әлем!» тарауының мазмұндық құрылымы рухани-адамгершілік және зияткерлік білім элементтері арасында байланыс орнату үшін жағдай жасайды. Тарау мазмұның құрайтын бұл білім компоненттері мазмұны жағынан ізгіліктік жалпыадамзаттық құндылықтармен байланысады. Осылайша, өмір құндылығын және адам денсаулығын ашуға арналған сабактарда окушылар адам өмірі мен табиғаттың өзара байланысы туралы, денсаулықтың дұрыс әрекет етумен ғана емес, сонымен бірге дұрыс ойлау және сөйлеумен байланысты екендігі туралы, әркімнің басқа халықтардың

мәдениетін құрметтеу жауапкершілігі жайында біледі, экологиялық мәселелерді шешу жолдарымен танысады.

28. Адамгершілік қасиеттер іс-әрекеттен тыс туындармайды. Сондықтан балалардың жеткілікті көлемде өзіндік қоғамдық пайдалы еңбегінің және басқа да риясыз іс-әрекет түрлерінің болуы аса маңызды, бұл мораль нормалары мен ережелері туралы өз білімдерін жүзеге асыруға, өз іс-әрекеттерін қоғамға қызмет етуге бағыттауға мүмкіндік береді.

29. Адамгершілік және экологиялық бағдарланған мінез-құлықтың қалыптасқан тәжірибесі бастауыш сынып оқушыларына өзімен-өзі және қоршаған әлеммен үйлесімді өмір сүрге көмектеседі, өз деңсаулығын нығайтуға және сақтауға, өзінің өмірлік әрекеттері – еңбек, демалыс, тамақтану үшін экологиялық жағдайды қамтамасыз етуге, оқушыларда қоршаған ортада адамгершілік тәртіп, экологиялық сауаттылық дағдыларын қалыптастыруға үйретеді.

30. Бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік-рухани білімінің тиімділігі көбінесе мұғалім мен отбасының үйлескен, келісілген жұмыстарына байланысты болады. Ата-аналар мұғалімнің қандай адамгершілік нормаларына тәрбиелейтінін, бала тәртібіне қандай талаптар қоятынын, олардың әрекеттері адамгершілік өлшемшарттар бойынша қалай бағаланатынын, сынып ұжымындағы қоғамдық пікірдің қандай екендігін білуі тиіс. Ата-аналар мен педагогтердің тәрбиелік әсерінің бірлігі тәрбиенің мақсаты мен нақты міндеттерін бір мағынада түсінуінен, оларды әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып жүзеге асыру білігінен көрінеді. Бастауыш сынып оқушыларына рухани-адамгершілік білім берудің тиімділігін арттыруда ата-аналар мен мұғалімдер балалар еліктеуге лайық үлгі болуы қажет. Бағдарламаны жүзеге асыруға ата-аналарды тартудың түрлі тәсілдері арқылы қол жеткізіледі. Бірлескен үй тапсырмалары (балалар мен олардың ата-аналары үшін), курстың мақсатын, міндеттері мен әдістерін аштын әдебиеттер ұсыну, таныстыру сабактары мен тренингтер, әңгімелер өткізу кеңінен қолданылады. Бұл балаларды мектепте де, үйде де үздіксіз тәрбиелеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

31. Бұл бағдарламаға адамзаттың адамгершілік-рухани мәдениеті, адам және қоршаған әлем, оқушылардың ішкі ізденістерін белсендіретін, терең ойлану қабілеттілігін дамытатын, өмірлік мәнді мәселелердің мәнін ажырату және интуитивті ұғыну туралы мәліметтер кеңінен енгізілген. Мұның барлығы оқу материалдарын құрудың сабактастырын сақтауға ықпал етеді.

32. Оқу жүктемесін бөлу:

1-кесте

Сынып	Аптадағы сағат саны	Жылдық сағат саны
1	1	33
2	1	34
3	1	34
4	1	34

2. «Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

Одиссей

33. Бұдан әрі бастауыш мектептің әрбір сыйныбы үшін білім беру мазмұны, дайындық деңгейіне койылатын талалтар, оқушылардың білімін бағашау елшемшарлары көрсегілген.

34. 1-сынып (33 сагат, аптасына 1 сагаттан):

I-кесте

Тарауларның атауы	Сабак реті	Сабактардың тақырыбы	Мазмұндың негізі
I. Ғасырлардан науқыны	1-2	Ақиқатты жолға анын, адалдықпен өмір бастаймын!	Адалдық адамның манызды қасиеті ретінде. Шыңдақты айту өвей, ал отірік айту хиын. Калжындан та өтірік айтуға болмайды. Ақиқатбарлық адамдарды біріктіруші бастау.
	3-4	Тәртіп пелі парыз	«Тәртіл» және «парыз» ұтымдарының мағынасы. Бес «Тәртіл», төлап, тыныштық, ташық, татулық.
	5-6	Өзінмен үйлесімді өмір сүру!	Ар-ұжуданыңа құлак кой. Адамзатын рухани ұстаздары ар-ұждан туралы. Зейніл топтастыра және басты иордесе нязар аудара білу.
	7-8	Сүйіспеншілік сый ташап етіңдей!	Сүйіспеншілік манызды жаңыпны адамзаттық күндылық ретінде. Қызмет сту және әлем халықтарының сртегілері мән жисмет зияғімелерінегі риңқыз сүйіспеншілік.
II. Тату отбасы	9-10	Менің үйім	Адам – отбасы мүшесі. Отбасындағы, ұжымдағы озара карым-қатынас. Қенпейілділік талыту. Ұйтымақтастық, озара көмек, күрмет.
	11-12	Менің достарым	«Достық» ұтымы түрші түсінік. Адам өміріндегі достықтың мәні Сыныптағы достық. Достықтың біріктіруші бастау.
	13-14	Бір-бірімізге көмектесеміз	Отбасындағы және мектептегі өзара көмек, колдау, кишипейілділік және қайырымдылық. Адамның іс-әрекетінсө көмеккіш келу ұмтылысын таныту.
	15-16	Алғыс айту – иғлік сыйлау!	Алғыс айту – адамлың басты қасиеті. Отбасында, мектепте, когамда алғыс айта білу білігі.
III Адам болам деңгейі	17-18	Жақсылық жаъылым мен журеміз	Жақсылық адамның қасиеті ретінде. Жақсы іс.
	19-20	Карым-катынас аліппесі	Карым-катынас адамның өмір

© Н.К. Абдайхан

			сүруінің қажетті шарты ретінде. Қоғамдық орындардағы тәртіп ережесі. Мінез-құлыш мәдениеті. Әдептілік тұлғаның басты қасиеті ретінде. Күнделікті өмірде әдептілік көрсету.
	21-22	Көңіл күй шаттығы	Әлемді жағымды қабылдауға ұмтылу. Қуаныш өмірлік күштің бастауы ретінде. Оқудағы, еңбектегі, шығармашылықтағы жақсы көңіл күй.
	23-24	Менің Отаным	Қазақстан – барша қазақстандықтардың Отаны. Кіші Отан. Тұған үй, туған қала, ауыл.
IV. Қандай ғажап бұл әлем!	25-26	Тұған табиғат	Табиғат – біздің үйіміз. Табиғаттың сұлулығы. Табиғатқа ұқыпты қарау.
	27-28	Денсаулыққа апарар жол	Тәндік және рухани денсаулық. Жақсы ойлар біздің денсаулығымызды нығайтады. Жағымды ойлау білігі. Салауатты өмір салты ережелері.
	29-30	Әрдайым көмектес, ешқашан зиян келтірме	Басқа адамдарға, жан-жануарларға, табиғатқа жанашырлық, көңіл бөлу білігі. Қоғамдық меншікке ұқыпты қарау.
	31-32	Жер – ортақ үйіміз	Ұлттар көп – адамзат біреу, жүлдіздар көп – аспан біреу. Әлем халықтарының мәдениетіндегі ортақтық.
	33	Балалық шақ мейрамы	Өткенді жалпылау.

35. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқушылардың білім сапасын бағалау 1 сыныпқа арналған бағдарламада әзірленген «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» негізінде жүргізіледі.

36. Рухани-адамгершілік білім берудің ерекшеліктеріне сәйкес сандық емес, сапалық баға маңызды, сондықтан әрбір жартыжылдықтың қорытындысы бойынша «сынақ» бағасы қойылады. «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» пән бойынша сынақ қоюдың өлшемшарты қызметін атқарады.

37. Егер оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын барлық талаптар орындалса, оқушыға «сынақ» қойылады.

38. 2-сынып (34 сағат, аптасына 1 сағаттан):

2-кесте

Тараулардың атауы	Сабак реті	Сабактардың тақырыбы	Мазмұндық негізі
I. Гасырлар даналығы	1-2	Ұлы Абайдың даналығы	Жалпыадамзаттық құндылықтар Абай ілімінің негізі ретінде.
	3-4	ГХ. Андерсеннің дана ертегілері	Адам мінезі. Ізгілікті қасиеттер адамға өмірінде қалай көмектеседі.

Алғазыл

	5-6	Білім – емір шырағы	Білім күнділігі. Емір таным көзі ретінде Оқудағы жауапкершілік. Үстаз тәлімтір және дас ретінде.
	7-8	Мектеп – білдік ортақ үйіміз	Мектеп және мектептік достық күнділігінің туралы. Мектеп мұлхана мұжияттары. Мінез-құлық ережесін сактау. Мұтаптімге, тәрбиешіге күрмет.
II. Тату отбасы	9-10	Өзінді жақсыныңкепті гаралыла	Отбасындағы жақсыс өзара қарым-қатынас. Аламшылық, кайырымдылық, түсіну, өзара көмек.
	11-12	Адам жақсы ісмен корікті	Отбасында және мінез-құлқының басқару. Өзін-өзі адамгершілікті кемепцендеру. Жақсы мінез-құлық ережесі. Адам мәдениеті
	13-14	Адал және ажекеніл болу	Адалдық шаманың күнділіккүнінде. Жағымды ойлау.
	15-16	Салтауатты отбасы	Денсаулық күнділігі. Отбасындағы белсенді және салтауатты омір салты.
III. Адам болам десеніз	17-18	Өзінді және басқатарды күрметпендеуді үйренеміз	Адамның коммуникациятік мәдениеті. Жағымды қарым-қатынас адамдарды түсіну мен күрмет көреету ретінде. Адамның адамгершілігі. Адамдарға ықыласын карау.
	19-20	Кешіре білуді үйренеміз	Кешіре білугін мәні. Шыдамдылық. Жағымды ойлауды ұчынту.
	21-22	Дос болуды үйренеміз	Достықтагы жағымды қарым-қатынас. Достыкта қажетті хасиеттер. Сынның таны достық.
	23-24	Жақсы көрүші үйренеміз	Риасыз сүйіспеншілік. Емірдегі риасыз сүйіспеншіліктің мысалдары.
IV. Қандай тажал бұл әлем!	25-26	Біз есіп жаткан нәлікे	Отаңға адалдық. Біздің еліміздің тарихына қызығушылық және ұқыпты жатынас. Біздің еліміздің бүгінші күніне моральдық жауапкершілік. Тұган елкенін асемдігі.
	27-28	Тұған откенің табигатын сактауды үйренеміз	Табигат және адам. Гірі табигатты ғанудың бастаулары. Табигат шабыт, шыгармашылық көзіл, жарқын қиялдаңың бастауы ретінде.
	29-30	Біз емір сүріп жаткан ел	Атамекен. Ҳашықтар бірлігі. Түрлі үлгі адамдарының достығы еліміздің мұнгымасынды мен беріктігінің негізі ретінде. Қазак ҳалқының Қазақстанда тұратын инде үлгі екілдерінің күнделікті өмірі мен мейрамшыры.

Айдан Рыс

	31-32	Әсемдік әлемінде	Жалпыадамзаттық құндылықтар өмірлік бағдар ретінде. Шығармашылық сабактары.
	33-34	Балалық шақ мейрамы	Өткенді жалпылау.

39. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқушылардың білім сапасын бағалау 2-сыныпқа арналған бағдарламада әзірленген «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» негізінде жүргізіледі.

40. Рухани-адамгершілік білім берудің ерекшеліктеріне сәйкес сандық емес, сапалық баға маңызды, сондыктan әрбір жартыжылдықтың қорытындысы бойынша «сынақ» бағасы қойылады. «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» пән бойынша сынақ қоюдың өлшемшарты қызметін атқарады.

41. Егер оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын барлық талаптар орындалса, оқушыға «сынақ» қойылады:

42. 3-сынып (34 сағат, аптасына 1 сағаттан):

3-кесте

Тараулардың атауы	Сабак реті	Сабактардың тақырыбы	Мазмұндық негізі
I. Фасырлар даналығы	1-2	Жалпыадамзаттық құндылықтарды зерделейміз	Адамзат тарихындағы өзін-өзі тану. Жалпыадамзаттық құндылықтар адамзат мәдениетінің рухани-адамгершілік негізі ретінде
	3-4	Халықтың мәдени мұрасы	Мәдени мұра халық даналығының, руханилық бастаудың көрінісі ретінде. Үрпактар байланысы. Адамзаттың өткені, бүгіні және келешегі. Мәдени мұра – өзін-өзі танудың бастауы.
	5-6	Кітап – білім көзі	Кітап адамзаттың білімі мен даналығының көзі ретінде. Сүйікті кітаптар. Мектеп оқулығы. Адам өміріндегі кітаптың рөлі.
	7-8	Оқу – менің еңбегім	Оқу оқушының басты еңбегі ретінде. Білімге апарар жол. Максаттар қою және оған қол жеткізу білігі. Еңбексүйгіштік – оқудағы табыстың негізі.
II. Тату отбасы	9-10	Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті	Отбасындағы жауапкершіліктер. Отбасындағы жағымды қарым-қатынас және бірін-бірі қолдау.
	11-12	Бастаулардың бастауы	Тұған үй. Адамның отбасы. Отбасындағы өзара қарым-қатынас негізі. Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі.

ОУР жаңа

	13-14	Өзінді және басқаларды түсіне білу	Өзара түсіністік құндылығы. Келісім. Адамдармен кішіпейілділікпен және әдептілікпен қатынас жасау.
	15-16	Бәрі де сүйіспеншіліктен басталады	Сүйіспеншілік – рухани құндылық. Сүйіспеншілік адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас ретінде.
III. Адам болам десеніз	17-18	Ақкөңілділік және оптимизм	Ақкөңілділік және оптимизм адам мінезінің басты қасиеті ретінде.
	19-20	Ақниеттілік туралы	Ақниетті адам. Ақниеттілік адамдар арасындағы жақсы қарым-қатынастың қажет шарты ретінде.
	21-22	Жомарттық пен кеңпейілділік	Жомарттық жанның күйі ретінде. Кеңпейілділік – нағыз адамшылықтың бір қыры.
	23-24	Өз еліңнің патриоты болу	Патриот. Патриотизм. Патриоттың әрекеттері мен істері.
	25-26	Сүйіспеншілік пен жақсылық жолы	Өзін-өзі тану сүйіспеншілік пен жақсылыққа барада жол ретінде. Адам – ардақты ат. Жақсы сезімдер. Адамның әрекетінде бейнеленуі.
	27-28	Табиғатпен үйлесім	Үйлесім. Әсемдік. Адам мен табиғаттың байланысы. Адамның табиғатқа сүйіспеншілігі. Адамның табиғатқа мұқияттықпен және қамқорлықпен қарауы.
	29-30	Денсаулық сырьы	Денсаулық сырьы. Салауатты өмір салты ережелері. Шындықты жағымды қабылдауда салауатты өмір салтының шарты ретінде. Адамның және денсаулықтың адамгершілік негізі. Еңбек және демалыс тәртіби.
	31-32	Жер – біздің ортақ үйіміз	Адамзаттың бірлігі әлемнің болашақ дамуының негізгі факторы ретінде.
IV. Қандай тажап бұл әлем!	33-34	Балалық шақ мейрамы	Әткенді жалпылау.

43. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқушылардың білім сапасын бағалау 3 сыныпқа арналған бағдарламада әзірленген «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» негізінде жүргізіледі.

44. Рухани-адамгершілік білім берудің ерекшеліктеріне сәйкес сандық емес, сапалық баға маңызды, сондықтан әрбір жартыжылдықтың қорытындысы бойынша «сынақ» бағасы қойылады. «Оқушылардың дайындық деңгейінде қойылатын талаптар» пән бойынша сынақ қоюдың өлшемшарты қызметін

Салтанат Рыс

атқарады.

45. Егер оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын барлық талаптар орындалса, оқушыға «сыншак» қойылады:

46. 4-сынып (34 сағат, аптасына 1 сағаттан):

4-кесте

Тараулардың атауы	Сабак реті	Сабактардың тақырыбы	Мазмұндық негізі
I. Гасырлардан дағындығы	1-2	Адамнан мәденистік рухани-адамгершілік алемі	Ежелгі Грекия ғұламалары. Ұлы грек ватандары туралы есептіңімдер мен оқиғалар.
	3-4	А.Күнанбаев пен Ш.Кудайбердинев ілімверіндегі өмірдің мақсаты	Адамның өмірлік мақсаты. Адамтың өмірлік мақсаттарға қол жеткізу жолдары.
	5-6	Адам бол!	Адам болу деген не? Адамнаның жілдемі.
	7-8	Адамнаның ішкі сұлупыты	Адамнаның ішкі сұлупы. Өзін-өзі тану қуакыты. Өзін-өзі тану – сүйісленшілік пен жақсылық жолы
II. Тату отбасы	9-10	Отбасындағы өзара түсіністікті үйрекмелі	Өзара түсіністік – отбасындағы жақсы қарым-жатынастын негізі. Бірін-бірі тыңдау, есту және түсіну білігі.
	11-12	Отбасы дәстүрлері	Отбасының дәстүрлері. Отбасындағы сыйластық. Өзара түсіністік отбасындағы бақыттың шарты ретінде. Отбасының мейрамшары. Отбасының мейрамшары. Отбасы бақыты.
	13-14	Менің ұжымым	Мектел ұжымы, сыйын ұжынына, бірлескен шығармашаңылғы іс-әрекет. Сыйыптағы достық. Ұжымдағы адамгершілік күндылықтар.
	15-16	Ардактың шт	Жақсы жаңа адамның ардақты атынын негізі ретінде. Өзіңде жаңа басқыншыларға күрістілін карау. Адамнаның азамгершілігі.
III. Адам болам десеніз	17-18	Лербестік және жауапкершілік	Лербестік және жауапкершілік тұлғаның күнді қасиеті ретінде. Лербес адам. Жауапкершілікті адам.
	19-20	Батылдық және табандылық	Батылдық пен табандылық – адам мінезінің қасиеті. Батыл адам. Табанды адам. Мінезді тарбиеу.
	21-22	Ар-ұждан ғылыми	Ар-ұждан адамнаның азачгершілік болғандары ретінде. Адалдық, аділеттілік, ашықтық ар-ұжданда сойкес өзір сүрудін мүмкінділік

Сабак

			ретінде. Адамның адамгершілік санасы.
	23-24	Мен азаматтын!	Азамат. Азаматтық парыз. Азаматтық сезім. Отанға қызмет ету.
IV. Қандай ғажап бұл әлем!	25-26	Табиғаттың сергітетін күші	Табиғат – барлық тіршіліктің бастауы. Табиғат – дана ұстаз. Табиғи шипажайлар. Адам мен табиғаттың өзара түсіністігі мықты денсаулық пен ұзақ өмір сүрудің шарты ретінде.
	27-28	Tipi су	Су – табиғат байлығы. Қазіргі әлемдегі су қорлары. Судың қасиеті. Адам үшін судың маңызы.
	29-30	Тұған жердің әсемдігі	Тұған өлкенің табиғаты. Тұған жердің әсемдігі – сүйіспеншілік пен шабыттың бастауы.
	31-32	Жер – ортақ үйіміз	Фаламшарымыздың болашағы үшін жауапкершілік.
	33-34	Балалық шақ мейрамы	Өткенді жалпылау.

47. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқушылардың білім сапасын бағалау 4 сыныпқа арналған бағдарламада әзірленген «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» негізінде жүргізіледі.

48. Адамгершілік-рухани білім берудің ерекшеліктеріне сәйкес сандық емес, сапалық баға маңызды, сондықтан әрбір жартышылдықтың қорытындысы бойынша «сынақ» бағасы қойылады. «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» пән бойынша сынақ қоюдың критері қызметін атқарады.


49. Егер оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын барлық талаптар орындалса, оқушыға «сынақ» қойылады.

3. Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

50. Оқушылар 1-сыныптың соңында:

- 1) жалпыадамзаттық құндылықтар туралы қарапайым түсініктерге ие;
- 2) бағдарлама көлемінде анықталған Қазақстанның және басқа халықтардың рухани мұраларын біледі;
- 3) бағдарламада анықталған сабактағы нақыл сөздерді, рухани-адамгершілік мазмұндағы өлеңдерді жатқа біледі;
- 4) сабакта, мектепте, қоғамдық орындарда тәртіп сақтай алады;
- 5) мектеп оқушысының құқығы мен міндеттерін біледі және түсінеді, оқушы парызын (қажетті мектептік құрал-жабдықтардың және орындалған үй жұмысының, сыннып жұмысының болуы) орындаиды;
- 6) адамдарға, табиғатқа, қоғамдық меншікке ұқыпты және саналы қарайды;
- 7) денсаулықты сақтауға арналған жақсы ойлардың мәнін түсінеді, салауатты өмір салтының қарапайым ережелерін біледі және қолдана алады.

51. Оқушылар 2-сыныптың соңында:

- 1) жалпыадамзаттық құндылықтар туралы түсініктері бар;
 - 2) бағдарлама көлемінде анықталған Қазақстан және басқа халықтардың рухани мұраларын біледі;
 - 3) бағдарламада анықталған сабактағы нақыл сөздерді, рухани-адамгершілік мазмұндағы өлеңдерді жатқа біледі;
 - 4) сабакта, мектепте, қоғамдық орындарда тәртіп сақтауды біледі;
 - 5) мектеп оқушысының құқығы мен міндеттерін біледі және түсінеді, оқушы парызын (қажет мектептік құрал-жабдықтардың және орындалған үй жұмысының, сынның жұмысының болуы) орындайды;
 - 6) адамдарға, табиғатқа, қоғамдық меншікке ұқыпты және саналы қарайды;
 - 7) денсаулықты сақтауға арналған жақсы ойлардың мәнін түсінеді, салауатты өмір салтының қарапайым ережелерін біледі және қолдана алады;
 - 8) адалдық және ақкөнілділік, қайырымдылық, адамдарға құрметпен қарау сияқты адамның жағымды қасиеттері туралы түсініктері бар;
 - 9) шабыттың қайнар көзі және өз өлкесінің мәдени құндылықтары ретінде табиғат туралы түсініктері бар; жас көшеттерге, құстарға, жан-жануарларға аялы қатынас жасай алады;
 - 10) салауатты өмір салтын жүргізуудің мәнін түсінеді; денсаулықты нығайту факторларын, денсаулықтың негізгі ережелерін біледі;
 - 11) түрлі ұлт адамдарының арасындағы татулық пен келісім, Қазақстанда тұратын халықтар достығы құндылықтары туралы түсініктерді біледі;
 - 12) басқа адамдармен татулықта өмір сұру, сынның тастарымен және достарымен өзара тілекtestіk қатынас білігінің маңыздылығын ұғынады; кеңпейілділік танытууды, өзін және басқаларды құрметтеуді бағалай алады;
 - 13) оқиғаларды, өз әрекеттерін әділ бағалай біледі; дұрыс шешім қабылдай алады, мектепте, үйде, қоғамдық орындарда тәртібін қадағалай алады;
 - 14) жақсы мінез кейіпі ережелерін біледі және түсінеді, түрлі жағдаяттарда өз білімдерін саналы қолдана алады.
52. Оқушылар З-сыныптың сонында:
- 1) еңбек, өзара түсіністік, ақжарқындық, оптимизм, қайырымдылық, жомарттық, кеңпейілділік патриотизм, шығармашылық ұғымдарының мәні мен мазмұнын ұғынады;
 - 2) адамдық сезім мен эмоциялардың көрінуін ажырата алады, қайырымдылық, жомарттық, кеңпейілділік таныта алады;
 - 3) адамдарға сергек және мұқият қарай алады;
 - 4) істер мен әрекеттерде жауапкершілік таныта алады;
 - 5) салауатты өмір салты ережелерін біледі, салауатты өмір салтын құрудың маңыздылығын түсінеді, жеке гигиенаны және еңбек тәртібін, демалысты сақтай алады;
 - 6) шығармашылық іс-әрекеттер арқылы өз ойлары мен әсерлерін жеткізе алады;
 - 7) адамдарға мұқияттылық және құрмет көрсете алады, өзіне құрметті, жақындары мен туғандарына қамқорлық көрсете алады;
 - 8) туғандары мен жақындарының еңбегі мен кәсібіне қызығушылық пен құрмет таныта алады;
- 

9) туган өлкесінің табиғатына мұқият қараудың маңыздылығын түсінеді;

10) елінің тарихына, өз халқының тарихи тамырына, халқының мәдени мұрасына ықылас таныта алады.

53. Оқушылар 4-сыныпты бітіргенде:

1) ұжым, азамат, дәстүр, жауапкершілік, батылдық, шешімділік, ар ұждан, әділеттілік ұғымдарының мәні мен мазмұнын ұгады;

2) адами сезімдер мен эмоциялардың көрінуін, өзінің эмоционалдық күйін ажырата алады, өзінің сезімі мен талпыныстарын білдіре алады; жағымсыз эмоцияларын және әрекеттерін тыя алады;

3) мінез-құлыштық этикасы нормаларын біледі, практикада жақсы әдеттерді қолдана алады және сыртқы түр мәдениетін сақтай алады;

4) айналасындағы адамдармен тілеквестік қатынас жасай алады; адаптацияның мәнін сипаттаудың мәдениетін сақтай алады;

5) физикалық дамудың қажеттілігін түсінеді, денсаулық сақтаудың мәнін сипаттаудың мәдениетін сақтай алады;

6) оқуға арналған кітаптарға саналы таңдау жасай алады, әдеби кейіпкерлердің қылыштары арқылы өз мінез-құлқын бағалай алады;

7) қарым-қатынас ережелерін біледі; топта, сыныпта, таныс емес адамдармен жағымды, достық өзара қарым-қатынас жасай алады; өз тұғандары мен жақындарының енбегі мен кәсібіне қызығушылық пен құрмет таныта алады;

8) өмірдің қайнар көзі ретінде табиғаттың мәнін түсінеді;

9) қоршаған ортаға қамқорлық таныта алады, табиғи қайнар көздердің тазалығын сақтай алады.

10) өзін Қазақстан Республикасының азаматы ретінде ұғынады; ел, қала, ауыл, мектеп өміріне өзінің қатыстырымын түсінеді; қоғамға қызмет етудің мәнін түсінеді.

Одиссей